

ответственность учеников за собственное обучение. На уроках, я использую такие формы оценивания, как самооценивание, взаимооценивание. Практика показала, что оценивая друг друга, учащиеся подводят итоги о проделанной работе, анализируют, выделяя положительные и отрицательные моменты. При самооценивании учащиеся стараются объективно оценить свою работу. На начальном этапе эти формы оценивания достаточно сложны для учащихся. Зачастую учащиеся недостаточно объективно оценивают друг друга и себя. Поэтому при проведении самооценивания и взаимооценивания очень важно наличие критериев оценивания. Все же, математика – трудная дисциплина. По традиционному обучению, дети привыкли к подсчету оценок. У них явно выраженный страх перед новым материалом, они боятся, какую же оценку поставит им учитель сегодня, они боятся допустить ошибку, одним словом они боятся неизвестность. И как следствие, у них пропадает мотивация, интерес к уроку. Благодаря формативному оцениванию, устанавливается тесная связь между учителем и учеником. Учащиеся перестают бояться оценивания. На своих уроках я применяла некоторые техники формативного оценивания. Такие как: «Проверка ошибочности материала», «Светофор», «Мини-тест», «Карточки», «Большой палец», «Кулак – ладонь» и тд. а также с помощью интернет – сайтов составляла онлайн тесты. Более подробно, о приемах формативного оценивания, я изложила в своей дипломной работе, проанализировав и указав положительные и отрицательные моменты того или иного приема. Разработала методическое пособие по формативному оцениванию по алгебре и геометрии для учащихся 8 класса.

Формативное оценивание – это постоянный процесс обратной связи между учителем и учениками. Это непрерывный процесс получения информации о достижениях ученика с целью корректировки дальнейших действий учащихся для достижения учебной цели. Применение новых подходов в оценивании достижений учащихся способствует повышению мотивации учащихся к обучению, формированию навыков учебной самостоятельности, ответственности за собственное обучение.

#### **Список литературы:**

1. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-методическое пособие «Оценивание учебных достижений учащихся» Бишкек, 2010.
2. Формативное оценивание в начальной школе. Методическое пособие для учителя/Сост. О. И. Дудкина, А. А. Буркитова, Р. Х. Шакиров.– Б.: «Билим», 2012.89 с.
3. «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства». Методическое пособие.

УДК 94.054

### **ӘЛ-ФАРАБИДЕН ҮЛГІ-ТАҒЛЫМ**

Ермекбаева Ж.С.

*«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №11 орта мектебі» ММ*

#### **Аннотация**

Цель науки - раскрыть секреты природы

#### **Ключевые слова**

Кипчак, сын родился в Отраре

Аль-Фараби является примером мудрости.

Он-философ, математик, музыкант,  
Многие отрасли науки, о которых он говорил,  
"Второй учитель" - это оценка истории.

Турдакын Жексенбай

### **Annotation**

The purpose of science is to reveal the secrets of nature

### **Key words**

Kipchak, son was born in Otrar

Al-Farabi is an example of wisdom.

He is a philosopher, mathematician, and musician,

Many of the branches of science that he spoke about,

"Second teacher" is an assessment of history.

Turdakin Zheksenbay

### **Аннотация**

Ғылымның мақсаты - табиғаттың тылсым жағдайларымен құпияларын ашу.

### **Түйін сөздер**

Отырарда туған қыпшақ баласы

Әл-Фараби – даналардың данасы.

Ол – философ, математик, музыкант,

Ол сөйлеткен ғылымның көп саласы,

«Екінші ұстаз» - тарих берген бағасы.

Турдакын Жексенбай

Әл-Фараби 870 жылы туып, 950 жылы өмірден озғаны туралы мәлімет ресми түрде халықтар арасында баспа жүзінде көрсетілген. Ұлы ғалым Отырар (Фараб), өлген жері Дамаск (Сирия). Осы пікір туралы білмейтін адамдардың арасында жаңсақ ойлар туындағандықтан, бірер нақты мәлімет айтайық. Бірінші ескеретін нәрсе Фараб атты мекен бір ғана жер емес, бірнеше жерде бар. Солардың бірі Амудария бойында, тәжік жерінде. Сол себепті әл-Фараби ирандық нәсілден деген жалған ой-пікір көрсетілген.

Бірақ қазір оны ешкім растамайды. Ал әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін анықтап, картаға түсірген әйгілі ғалым-географ ибн-Хаукал. Ол өзінің «Китаб Масалик уа мамалик» аталған еңбегінде Түркістан аймағының сипаттап, қалаларын картаға түсірді. Және ол Отырарды жазғанда әдейілеп: «Бұл жер аты әлемге танымал ғұлама, ойшыл, философ Әл-Фарабидің туған жері» деп атап көрсеткен. Ибн-Хаукал әл-Фарабидің құрдасы, екеуі бірін-бірі жақсы білген, екеуі де Сирияның сол уақыттағы танымал әмірі Сайф-ад-Даула сарайында қызмет жасаған кісілер. Ибн-Хаукалдың сол картасы біздің қолымызда, оны қазіргі картамен салыстырып қарасақ, нақтылықты айқын көреміз. Демек, әл-Фарабидің туған жері туралы еш күмән болмағаны жөн.

Екіншіден Әл-Фараби қайтыс болған кезде Әміре оны өз қолымен Баб ас-Сағир зиратына жерлеген. 339 хижра жылы, режеб айында деп сол уақытта жазылған тарихи мәлімет болды. Аталған бір ауыз сөздің көмегі зор болды. Айтса да Әміренің оны «Баб ас-Сағир» (Кіші қақпа) атты зиратқа қойғаны біраз көмек болды, себебі ол қорымға тек атақты адамдар ғана қойылатын құрметті зират екен.

Әл-Фараби заманында Түркістан исламды қабылдап, ғылыми, мәдени салада араб тілін меңгерген. Сол заманда араб тілі ең жоғары ғылыми дәрежеге жеткен тілдердің бірі еді. Оның әкесі әскери қолбасшы, аумақты болғандықтан, ұлының өз жолын жалғастырғанын жөн көрді. Бірақ Әбу Наср әл-Фараби ғылымды таңдады. Оның ғылымға деген қызығушылығы артып, туған елінен алыстап, Бағдат қаласына

аттанды. Бұнда оның білім алуына толық жағдай жасалған. Әуелде өзін ол ақын, әнші, музыкант ретінде көрсетсе, кейін ірі ғалымдардан сабақ, дәріс алды. Фарабидың алғашқы ұстаздары Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар еді. Ол араб, парсы, грек т.б. тілдерді меңгерді. Ол танымал Ибн Хайланнан Аристотельдің логика ғылымын ұғынды. Сөйтіп Фарабидің алғашқы ұстазы Абу-Матта болса, ибн Хайлан секілді несториандық ғалымдар еді. Олардың аталары Византиядан қуғынға ұшырап, Таяу Шығыс пен Орта Азияға келіп күнін көрген. Ал арабтар бұл кісілерді құшақ жая қарсы алып, ғылымды өркендетуге пайдаланған. Грек пен араб ғылымын қосқан да осы адамдар болған. Кейіннен араб елінен және араб тілінде жазатын ғылымды биікке көтеріп дамытқан танымал әйгілі адамдар анықталды. Сол себепті грек ғалымдары Платон, Аристотельдер алғашқы ұстаз болса, әл-Фараби данышпан, ойшыл білім мен мәдениеттің екінші ұстазы болып шықты.

Міне рухани жаңғыру кезеңінде тұспа-тұс келген қазақ халқының екі ғұлама, ойшыл, ұлы данышпандарының есімі кейінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге екені хақ. Олар: Бірі-Әл-Фараби болса, екіншісі – Абай. Ұлы Ақын Абай атамыздың 175 жылдығы ескеріліп жатса, Әл-Фарабидің 1150 жылдығы да өмірден өз орнын көрсете білді. Олар жайлы мәліметтерді Ахат Шәкәрімнің нақты жазбаларынан келтіруге болады.

«Әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп таласқандардан, оның ғалымдылығы күшті деп, ақтап шығып, түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабиін тірілттің. Сол әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай өттің, бұл қалай?»

Ақат.

(Әл-Фараби және Абай кітабынан үзінді)

Осы сөзді Ахат ақсақал маған 1976 жылы, 8 маусымда Алматыда өткен мәдени мұраларды қорғау съезінде жазылған болатын. Сол жиында мен әл-Фарабидің кім екенін, оны қалай ашқанымды, 1100 жылдық мерекесін қалай болғанын баяндаған. Соған орай Түркістан, Отырар ескерткіштерін қайта жөндеу қажеттігін айтып өткен. Сол жолда маған бөгет жасағандар айтылған. Мына жазбада соны еске алып отыр. Екіншіден Ахат Абай музейінің директоры еді. Әкелері Абай мен Шәкәрімнің әл-Фарабиді оқығанын, әрі одан зор үлгі-тағлым алғанын Ахат білетін еді. Сондықтан әл-Фараби мен Абайдың ғылыми еңбектерін зерттеген адам байланысын неге айтпай кетеді.

Ал Ахат атамыздың маған қойған талабы осында.

Шығыстың көне мәдениетіне келсек, «Ғалам бақыс» сөзінің мағынасы «дүниенің жаратылуы туралы маслихат» деп түсіндірген. Фараби еңбектерін космология (Күзмулогия) атаған. Бұнда Тәңірім ең әуелі кішкене нұр жаратқан деп айтқан. Көптеген Орта Азия мен Қазақстан ғалымдары бірнеше рет көшіріп таратқан. Мысалы қарапайым тілмен айтсақ, аспан денелерінің Күн, Ай, Шолпан, Меркурий т.с.с. өзара үйлесімділік тауып, біріне-бірі тілдескендей ғажайып құбылыс жасап өмір сүруі, ешбір адамның қолынан келмейтін шаруа. Сол сияқты он сегіз мың ғалам...

Оның несі жалғыз .... Осыдан келіп, ел-жұрт арасында «Дүние бір тарының қауызына сияды» деген мақал тараған. Ал Абай қалай саралаған? Абайдың айтуынша ғажайып ғаламның сыры беймәлім деген. Тағы бір дәлел: Ұлы Сократ: «Менің білгенім ешнәрсе білмейтінім» деген сөзін осы мағынада ұғындырады. Ал Әл-Фараби космологиясы да осыған саяды.

Космология туралы ұлы даналардың осылай дегенге надандар қалай қарайды?

Надан, көрсоқырдың ең басты белгісі «Бәрін білу»... Оның білмейтіні жоқ. Ол барлық дүниені тек өз пайдасына ғана шешетін болса, мақсаты ішу, ұйықтау, көру, мақтану, жеу, тойымсыздық,...

Егер надандардың қолына билік берсе, олар мына дүниенің астаң-кестенін шығарар еді, өздері де ойран болар еді... Міне әл-Фараби мен Абайдың ойлары осы төңіректе...

Ұлы бабамыз, данышпан Әл-Фараби һандаси (геометрия) ғылымына да баса назар аударған. Осы салада көп еңбек етті. Арабша һандаса (геометрия – жер өлшеу) сөзі һандай – симметрия тәртібі деп айтқан.

Симметрия арабша – қиас. Ал грекше сим – бірдей деген сөз, метрия- өлшеу дегенді білдіреді. Қысқаша айтсақ, кез келген дененің, заттардың бетін, көлемін, ауданын, формасын өлшеу болып табылады.

Әрбір заттың өзіндік өлшемдері бар. Оның өзінше зат болуы үшін сыртында беті және оны басқа заттан бөліп тұратын қабы болуы керек. Заттың сыртқы бетін, соның ішінде жердің бетін өлшеу үшін үшкілдерге бөледі. Сонымен үшкіл дегеніміз-заттардың бет бейнесін өлшеу, қазір бұл әдісті қазіргі ғылымда триангуляция деп атайды. Мысалы, есеп бір бөлшек отқа екі бөлшек ауа (жел) қосса болады тең бір бөлшек суға. Егер формулаға қоятын болсақ: От – төрт үшкіл, жел – сегіз үшкіл, су – жиырма үшкіл, яғни:  $4+8 \times 2=20$ . Платон еңбегінде Науан от пен желді сиқырлап тастаған Кашмир тылсымының кілтін Ескендірге тауып берген Афлатон деп жазған. Қалай? От пен жел болмаса қозғалыс жоқ, жауын-шашын да жоқ, су да жоқ қой! Міне, Әл-Фарабиді екінші Аристотель деуі тегін емес.

Қорытынды: Әл-Фарабидің көп еңбектері басқа адамдардың атына ауысып кеткен. Мысалы, музыка, медицина, астрономия, математика, механика, философия, архитектура, логика, оптика тағы басқа салалардағы мирастарының көбісі басқа адамдар атында болып келгені белгілі. Оның біздерге тек соңғы кезде ғана белгілі бола бастауының себебі осында.

Екіншіден араб медреселерінде оқыған адамдарға шіркеу екі бағытта танып білді.

1. Оларды өздеріне тартып, олардың ислам ілімімен алғандарын солардың өздерінікі деп көрсетіп отырады.

2. Егер олай бейімдеуге мүмкіндік болмаса, оларды қудалауға, ізіне түсуге бейімдеді.

Дегенмен ұлы ойшыл ғалым, дүние жүзіне танымал, данышпан Әбу Наср Әл-Фараби (Мұхаммед ибн Узлағ Тархани) мирастарының талмай-қажымай ізденгіштік сипатта үздіксіз еткен сүбелі еңбектерінің қаншама ғасыр өтсе де, кейінгі ұрпаққа жетуі өміршеңдік нышаны деуге болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Білім технологиялары. №2, 2015 ж.
2. Мектеп ұстаздарының әлемі. №2, 2016ж.
3. Ақжан Машанов. Әл-Фараби және Абай
4. Қазақ тілі және әдебиет журналы, 2008ж.